






№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы



кіші «Лалагүл» тобы

«Түстер мен пішіндер»



Тәрбиеші: Абдираева Н.

Ергешбаева З.



2022 оқу жылы

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ: Таным, шығармашылық, қатынас.

БӨЛІМ: Құрастыру, сенсорика, сөйлеуді дамыту.

ТАҚЫРЫБЫ: «Түстер мен пішіндер»

МАҚСАТЫ: Балалардың түстер мен пішіндер туралы білімдерін тапсырмалар орындау арқылы бекіту. Геометриялық фигуралардың ерекшеліктерімен және оларды қолдана отырып, құрастыруды бекіту.

Балалардың зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Балаларды ұқыптылыққа, жануарларға қамқорлықпен қарауға, өзара көмектесуге тәрбиелеу.

ҚОЛДАНЫЛАТЫН КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАР: презентация, геометриялық пішіндер, түстер, Дьенеш блоктары, үлгі суреттер.

БИЛИНГВАЛЬДЫ КОМПОНЕНТ: сары-желтый, қызыл-красный, көк-синий, жасыл-зеленый, балапан-цыпленок, алма-яблоко, шар-шар, бақалыгушка, шаршы-квадрат, дөңгелек-круг, үшбұрыш-треугольник, төртбұрыш-прямоугольник, бұзау-теленек, құлын-жеребенок, күшік-щенок, марғау-котенок.

СӨЗДІК ЖҰМЫС: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш.

ОҚУ ІС- ӘРЕКЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ	ТӘРБИЕШІНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІ	БАЛАЛАРДЫҢ ІС- ӘРЕКЕТІ
Мотивациялық - қозғаушылық	<i>Шаттық шеңбері.</i> Сәлем!-дейміз достарға. Сәлем!-дейміз апайға. Сәлем!-дейміз құстарға . Сәлем!-дейміз аңдарға.	Балалар шаттық шеңберді бірге орындайды.
Ұйымдастыру шылық - ізденістік	- Балалар, бүгін бізге қонаққа саяхатшы Дана келді. Онымен амандасып алайық. Дана: -Жұлдыздарды қу түлкі жинап алып, тығып тастады. Егер біз жұлдыздарды қайтарып алғамыз келсе, онда оның тапсырмаларын орындауымыз керек. Сендер дайынсыңдар ма?	Балалар тәрбиешіні тыңдайды, Данамен амандасады. Балалардың жауаптары. Балалар тапсырманы

1 тапсырма «Түстерді ата»

Шарты: Суреттерге қарап, олардың атауларын атай отырып, түстерін атау.

Балапан- сары, жұмсақ.

Алма-қызыл, дәмді, дөңгелек.

Бұлт-көк, аспанда болады.

Бақа-жасыл, көлде, өзенде өмір сүреді.

Билингвальды компонент: сары-желтый, қызыл-красный, көк-синий, жасыл-зеленый, балапан-цыпленок, алма-яблоко, шар-шар, бақа-лягушка.

- Қане балалар бақа туралы қандай жаттығу білеміз?

Бақа, бақа, балпақ,

Басың неге жалпақ?

Темір терсек көп киіп,

Басым содан жалпақ.

Бақа, бақа, балпақ,

Көзің неге тостақ?

Қарауылға көп қарап,

Көзім содан тостақ.

- осы тапсырманы дұрыс орындаған үшін, түлкі бізге жұлдыздардың біразын қайтарып берді.

2 тапсырма: «Пішіндерді ата»

Шарты: Берілген жануарлардың көлеңкесіне қарап, жануарды табу, төлін атап, қалай дыбыстайтындарын айту. Әр табылған жануардың артында пішін жасырылған соларды

мұқият тыңдап, берілген тапсырмаларды орындайды. Суреттерге қарап, атауларын атай отырып, түстерін табады.

Сары-желтый, қызыл-красный, көк-синий, жасыл-зеленый, балапан-цыпленок, алма-яблоко, шар-шар, бақа-лягушка сөздерін қайталайды, жеке, хормен.

Тәрбиешімен бірге тақпақты қайталай отырып, қимылмен көрсетеді.

Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап, берілген тапсырмаларды орындайды.

	<p>тауып, атау. Сыыр – мөңірейді, төлі – бұзау. (шаршы) Жылқы- кісінейді, төлі- құлын.(дөңгелек) Ит- үреді, баласы- күшік.(үшбұрыш) Мысық- маяулайды, баласы – марғау. (төртбұрыш)</p> <p>Сөздік жұмыс: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш.</p> <p>Билингвальды компонент: шаршы- квадрат, дөңгелек-круг, үшбұрыш- треугольник, төртбұрыш- прямоугольник, бұзау-теленок, құлын-жеребенок, күшік-щенок, марғау-котенок.</p> <p><i>Осы тапсырмадан кейін тағы 5 жұлдызды жапсыру.</i></p> <p>Сергіту сәті. «Аяқпенен топ-топ-топ».</p> <p>3 тапсырма: «Кім жылдам?» Шарты: шашылып жатқан пішіндерді бірдей жинау (дөңгелектерді- дөңгелектерге, үшбұрыштарды- үшбұрыштарға, шаршыларды- шаршыларға). Пішіндерді түстеріне қарай жинау. Осы тапсырмадан кейін 5 жұлдызды жапсыру.</p> <p>4 тапсырма. «Сиқырлы пішіндер» Шарты: берілген кестелерге қарап, пішіндерді тандап, олардан әр түрлі заттар құрастыру. Балалардан құрастырған заттарын, олр қандай пішіннен жасалғанын,</p>	<p>Жануарларды тауып, олардың қлай дыбыстайтынын айтып, төлдерін табады. Берілген пішіндерді атайды.</p> <p><i>Қайталайды: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш. Шаршы-квадрат, дөңгелек-круг, үшбұрыш- треугольник, төртбұрыш- прямоугольник, бұзау- теленок, құлын- жеребенок, күшік- щенок, марғау-котенок</i> сөздерін қайталайды, жеке, хормен.</p> <p>Балалар музыканың ырғағымен сөздерін тындап, қимылдарды қайталайды.</p> <p>Балалар тапсырма бойынша, пішіндерді түрлеріне қарай, түстеріне қарай жинайды.</p> <p>Балалар үлгілерге қарап,</p>
--	--	--


	олардың түстері туралы жеке- жеке сұрау. Осы тапсырмадан кейін 5 жұлдыз жапсыру	тапсырманы орындайды. Әр бала құрастырған фигураларды атап, қандай бөлшектерден құралғанын, оның түстерін атап береді.
Рефлексиялық - түзетушілік	- Балалар, біз Данаға барлық жұлдыздарды тауып бердік. Ал енді Данамен қоштасайық. Балалардан сұрақ-жауап арқылы не істегендерін сұрастыру. Мадақтау.	Балалар әр тапсырманы орындағанда жұлдыздарды жинайды. Тәрбиешіні тыңдап, Данамен қоштасады. Балалар берілген сұрақтарға жауап береді.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Орындайды: геометриялық фигуралады және түстерді бір-бірінен ажырату;

Түсінеді: түстердің ерекшеліктерін, Дьенеш блоктарын пайдалану әдістерін;

Қолданады: берілген үлгілерге қарап, белгілі бір пішіндерді қолданып құрастыру, берілген кеңістікке дұрыс орналастыруды.



ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

«1-мамыр»

«Лалагүл» кіші тобы

Тәрбиеші: Абдираева Н.
Ергешбаева З.

2021-2022 жыл

Тәрбиеші: Балалар! Бүгінгі күн ерекше, өйткені бүгін 1 мамыр — Ынтымақ, Бейбітшілік, Бірлік күні. Қазақстанда жыл сайын тойланатын мереке. «Бірлік бар жерде- тірлік бар» дейді дана халқымыз. Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелсін. Олай болса мерекемізді ән ұранымызбен бастайық.

Әнұран.

— Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?

— Қазақстан.

— Балалар біздің ұлттымыз қандай?

— Қазақ.

— Біздің елбасымыз кім?

— Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

— Ал, біздің президентіміз кім?

— Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

— Біздің елімізді қандай өзге ұлттар бар?

— Орыс, татар, өзбек, кәріс, қырғыз, үнді және де т.б.

— Дұрыс айтасындар. Біздің ел – көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда басқада ұлттар тұрады: өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады. Олар бір — бірімен тату, дос бауырлардай өмір сүріп жатыр. Қазақстанды олар өз жерім, өз елім деп мақтан тұтады. Ынтымақта, бірлікте өмір сүріп жатыр. Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған. Елімізде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдері өздерінің салт — дәстүрлерін, ән — жырларын көрсетеді. Президентіміз, елімізді бірлікке, ынтымаққа, бейбітшілікке, татулыққа өмір сүруге шақырады. Сондықтан біз елімізді «Ынтымағы жарасқан ел»деп айтсақ артық айтқандық емес. Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз дамып келеді. Еліміз өркейіп, әр шаңырақ шаттық пен қуанышқа толы.

Тәрбиеші: Биші десе билейді

Аяқтары бір жерге тимейді.

Ортада шаттық көңілмен,

Қазақ қыздары би билейді .

«Қамажай» биі

— Жарайсындар, балалар.

Тәрбиеші: Ендеше балалар осы мерекеге арналған өлең жолдарын айтайық.

Сұлтан: Мамырдың бірі, достық күні

Ән салып, билеген халықтың үні.

Тұтасып, тойлаған ұлттар,

Керемет мереке, мамырдың бірі.

Мансұр: Бейбітшілік ұраны,

Жарқыраған алтын күн.
Ән қанатты қыраны
Еркіндігі халқымның.

Нұрасыл: Бұзылмасын сәніміз,
Барлық ұлттар бірлесіп.
Қазақстан жерінде,
Жасасын той мереке.

Нұргелді: Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз.

Әділ: Достық туымыз,
Достық әніміз.
Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.

Мейірімжан: Празник дружбы и весны.
Кто живет на свете,
Мира желая,
Вместе с нами встретит.

— Балалар сендер достық, ынтымақ туралы қандай мақал – мәтелдер білесіңдер?

Нұрислам: Ынтымақ болмай іс оңбас,
Бірлік, ынтымақ – байлық, бақ.

Алихан: Ынтымақ түбі – игілік,
Тірлік түбі – бірлік.

Нұрдәулет: Бірлік болмай — тірлік
болмайды.

Тәрбиеші: Бүгін қызық бүгін
той,

Біздер үшін біліп қой.

Ән де салып, би билеп,

Жалғастырсын ойды — ой. — деп ендігі
кезегімізді орыс ұлтынан келген биші қыздарымыздың өнерін
тамашалаймыз.

— Ал, балалар күніміз ашық болсын деп елімізге тыныштық тілеп, ортадағы
«Бейбітшілік тақтаға» жүректен шыққан тілектерімізді жинайық.
Балалардың тілектері:



Аспанымыз ашық болсын!
Күніміз жарқын болсын!
Елбасымыз аман болсын!
Көк туымыз биік болсын!
Достық болсын!
Бірлік болсын!
Әрқашан күн сөнбесін!
Бейбітшілік болсын!
Ынтымақ болсын!
Әлемде тыныштық болсын!

-Біздің достығымызды білдіретін «Достық» әнін айтайық.

Тәрбиеші:Елімізде тыныштық болып, бірлігі жарасқан ел болайық, әр кез ынтымақта, достықта болайық! Қазақстанымыздың қуаттылығы мен басымызға қонған бақытымыз бірлігіміздің берекесін арттыра берсін, бейбітшілік мәңгі ажырамас серігімізге айналып, еліміз бен жеріміз, халқымыз аман болсын. Бұл мереке бізбен бірге ғасырларға ұлассын. Бейбіт аспан астында достығымыз нығайып, денсаулығымыз өркендей берсін деген игі тілекпен бүгінгі мерекемізге қатысқандарыңызға рахмет айтамын.

№ 53 «Ер – Асыл» бөбекжай бақшасы

Кіші «Лалагүл» тобы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Бауырсақ ертегісі»



Тәрбиеші: Абдираева Н

2022 жыл.

№ 53 «Ер – Асыл» бөбекжай бақшасы

Кіші «Лалагүл» тобы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Бауырсақ ертегісі»



Тәрбиеші: Абдираева Н

2022 жыл.



Бауырсақ ертегісі.

Мақсаты. Балаларды ертегіні зейін қоя тыңдап, мазмұндап беруге үйрету.

Ой қиялын дамытып, сөздік қорын молайту.

Бауырсақ ертегісіндегі кейіпкерлермен танысып, оларды ажырата білу.

Аңдардың қимылын жасай білу.

Көрнекілігі. Үйшік , аңдардың суреті.

Әдіс тәсілі. Әңгімелеп айтып кейіпкерлерімен бірге қимылын жасау.

Сөздік жұмыс. Қоян, Қасқыр, Түлкі Аю.

Ерте ерте, ертеде кемпір менен шал бопты. Бірде шал кемпіріне . Бүгін маған бауырсақ пісіріп берші дейді. -Ұнның біткені қашан, бауырсақты неден жасаймын . -Қаптың түбін қағып ап, орнын сыпырсаң , біраз ұн жиналады. Кемпір қаптың түбін қағып , төгілген ұнды жинайды. Оған қаймақ қосып қамыр илейді. Содан соң оны майға қуырады. Піскен бауырсақты терезе алдына суытып қояды.

Жалыққан бауырсақ терезеден домалап кетеді.

Домалап келе жатып ол қоянды кездестіреді.

Қоян бауырсаққа :

-Бауырсақ бауырсақ, мен сені жеймін, -дейді.

-Мені жеме , қоян. Мен саған өлең айтып берейін.

Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып ұн шылап,

Ыстық майға қуырып,

Терезеге қойып суытқан.

Мен атамнан қаштым,

Мен апамнан қаштым,

Ал сенен қашу, қоян ,

Қиын емес маған, -

Деп бауырсақ домалай жөнеледі. Қоян аң таң болып жолда қалады.

Қояннан құтылған бауырсақ домалай жөнеледі. Ойламаған жерден алдынан бір сұр қасқыр шыға келеді де:

- Бауырсақ бауырсақ, мен сені жеймін-дейді.

-Жемеші мені қасқыр

.Мен саған өлең айтып берейін, -деп әндете жөнеледі.

Өлең жолын қайталаймыз.

Апамнан да қаштым атамнан да қаштым,

Босқа тұрсам ұтылармын,

Қасқыр сенен де құтылармын.

Бауырсақ домалап кете барады.Қасқыр аңтарылып артта қалады.Сол домалаған қалпы ол қорбаңдаған аюға жетіп тіреледі.Аю:

Бауырсақ,бауырсақ,мен сені жеймін-,дейді ол ақырып.

-Тоқтай тұр ,аю,одан да менің өлеңімді тыңда,-деп бауырсақ тоқтамастан әндете бастайды:

Мен бауырсақ,бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап ,

Қаймақ қосып ұн шылап,

Ыстық майға қуырып,

Терезеге суытқан

Мен атамнан қаштым,

Апамнан да қаштым,

Қояннан да қаштым,

Қасқырдан да қаштым,

Аюға келді кезек,

Одан да қашу керек,-

Деп ол қаша жөнеледі.

Осылайша,бауырсақ аюдан да құтылады.Аңқау аю ауызын ашып қала береді.Домалап келе жатқан бауырсақ енді қу түлкіге кезігеді.Бауырсақты көріп қуанып кеткен түлкі:

-Амансың ба,бауырсақӨзің қызарып әдемі болып кетіпсің,-дейді қулана.

Бауырсақ мақтаныштан әнін бастап жібереді:

Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып ұн шылап,

Ыстық майға қуырып,

Терезеге суытқан.

Мен атамнан қаштым,

Мен апамнан да қаштым,

Қояннан дақаштым,

Қасқырдан да қаштым,

Аюдан да қаштым,

Түлкі ,қазір сенен

Оңай қашып кетем.

-Әнің жақсы екен , -дейді қу түлкі.

Бірақ мен қартайдым, құлағым дұрыс естімейді. Маған жақынырақ келіп тұмсығыма шығып өлеңіңді қайталап айта қойшы, жақсылап тыңдап алайын.

Мақтау сөзге елпілдеп кеткен бауырсақ ойланбастан түлкінің тұмсығына домалап мініп әндете жөнеледі.

Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап...

Сол ақ екен , қу түлкі оны-ап деп жеп қояды.

Бауырсақ алданып қалады.

